

Бағдарлама негізі: «Домбыра үйрену мектебі» Л.Хамиди, Б.Ғизатов кітабын негізге ала отырып, «Домбыра» бағдарламасы мектеп жасына дейінгі жоғары топ балаларына арналып жасалған.

Құрастырған: Дауева Айнур Зайнулловна, № 39 «Достық» бөбекжай – балабақшасының музыка жетекшісі.

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының әдістемелік кеңесі отырысында «Домбыра» бағдарламасы талқыланды, педагогикалық кеңесінде бекітілді.

Хаттама №1

« 25 » 08 2025 жыл

№39 «Достық» МДҰ меңгерушісі:  Г.Т. Амирова

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Домбыра» бағдарламасы мақұлданды.

Хаттама № 1

«27» 08 2025 жыл

Қалалық сараптау комиссиясының төрағасы:  Қосымбаева М.О.



**№ 39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының музыка жетекшісі
А.З.Дауеваның 4-5 жастағы бадалалға арналған «Домбыра»
бағдарламасына
ПІКІР**

“Домбыра – казак халқының жаны, мұрасы мен мәдениетінің айнымас символы. Бұл бағдарламада “Домбыра” үйірмесінің жетекшісі мектепалды жастағы бүлдіршіндерге бұл өнердің алғашқы негіздерін үйретуге баса назар аударған. Бағдарлама балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылған, олар ойын арқылы ән мен күйдің әлеміне еніп, саусақ моторикасын дамытып, музыкалық сауатын ашады.

Үйірмеге қатысқан әрбір бала домбыраның құрылысымен танысып, қарапайым әндер мен күйлерді орындауды үйренеді. Сонымен қатар, сабақ барысында домбырада ойнаумен қатар, сахнада өзін еркін ұстауды, шығармашылыққа деген қызығушылығын арттырады. Үйірмеге қатысқан балалар музыкаға деген сүйіспеншілігі артып, зейіні шоғырланып, өнерге жақын болып келеді. Осы орайда, домбыра үйірмесі баланың жан-жақты дамуына үлкен үлес қосатынын анық айтуға болады.

Домбыра үйірмесінің басты мақсаты – балаларға казак халқының ұлттық музыкалық аспабы – домбыраны таныстырып, оған деген қызығушылығын ояту, сонымен қатар, казак халқының бай мәдени мұрасымен таныстыру.

Домбыра үйірмесінің міндеттері

Міндеттер – бұл мақсатқа жету үшін атқарылатын нақты қадамдар мен әрекеттер. Үйірме жұмысында келесі міндеттерді орындау қажет: музыкалық қабілеттерін дамыту, техникалық дағдыларды қалыптастыру, Шығармашылық әлеуетін ашу, тәрбиелік міндеттер қарастырылған

Бұл міндеттер кешенді түрде орындалғанда ғана, үйірме өзінің негізгі мақсатына жетеді. Олар баланың тек музыкалық қабілетін ғана емес, жан-жақты дамуына да үлес қосады.

**Пікір беруші
Өнер магистрі**



А. Еспай
А. Еспай

Түсінік хат

Берілген «Домбыра» бағдарламасы мектеп жасына дейінгі балалардың ересек және мектепалды топтарына арналып жасалған.

Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балаларға арналған домбыра үйірмесі бағдарламасының өзектілігі өте жоғары. Бұл бағдарламалардың маңызын бірнеше негізгі факторлармен түсіндіруге болады:

Өзектілігі: Ұлттық құндылықтарды насихаттау. Домбыра — қазақ халқының жаны, тарихы және мәдениеті. Балаларға ерте жастан бастап домбыра тартуды үйрету арқылы ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін оятуға болады. Бұл олардың бойындағы ұлттық сананы, патриотизмді қалыптастыруға ықпал етеді.

Қол моторикасын дамыту. Домбыра тарту барысында саусақтардың және қолдың ұсақ моторикасы белсенді түрде дамиды. Бұл мидың жұмысын жақсартып, зейінді және есте сақтау қабілетін арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, баланың саусақтары жазуға дайын болады.

Музыкалық қабілетті дамыту. Домбыра үйірмесі арқылы балалар музыкалық сауаттылықтың негіздерімен танысып, ырғақ пен әуен сезімін дамытады. Бұл олардың музыкалық тыңдау қабілетін, музыкалық құлағын жаттықтырады.

Шығармашылықты және өзін-өзі тануды дамыту. Домбырада ойнау — бұл тек ноталарды қайталау емес, бұл шығармашылық процесс. Балалардың өзіндік әуендер шығаруға және импровизация жасауға мүмкіндігі болады, бұл олардың шығармашылық әлеуетін ашады.

Мақсаты: Ғасырлар бойы келе жатқан ұлттық тәрбие жаңа талапқа сай жаңғырға отырып, өз халқымыздың өнерін, дәстүрін ұмытпай қастерлеу.

Міндеттері:

1. Қазақ халқының негізгі музыкалық аспабы домбыра туралы түсінік беру.
2. Балаларды өз Отанын сүйуге патриоттық сезімін дамыту.
3. Адалдыққа, сүйіспеншілікке, адамдыққа, бауырмалдыққа, әдемілікке, әсемдіккетәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Музыканы сүйетін өнегелі мінез-құлықты жас өнерпазды тәрбиелеу. Аспапта ойнауда үйренуде білімін арттыру, музыкалық шығарманы өз бетінше үйрену. Домбырашылық дәстүрін насихаттап, шығарманы өз бетінше орындай алуын дамыту.

Сағат саны- 72. Аптасына -2 сағат. Бір сабақтың уақыты -30 минут.

Тақырыптық жоспар

№	Тақырыптар	Сағат саны
1	Домбыра туралы түсінік	2
2	Домбыраның құрылысы	2
3	Домбыраны қалай ұстау керек. Домбырашының отырысы	2
4	Домбыра қағыстары	2
5	Музыкалық дыбыстар. Олардың қасиеттері, атауы.	2
6	Екі ішекте ойнау тәртібі	2
7	Екі ішекте гамманы ойнау тәртібі	2
8	Б.Ысқақов 1-ші жаттығу	2
9	Б.Ысқақов 2-ші жаттығу	2
10	Жаттығулар	2
11	С.Бүркітов 1-ші жаттығу	2
12	С.Бүркітов 2-ші жаттығу	2
13	Қазақтың халық әні «Бала жабату»	4
14	Х.Тастанов «Этюд»	4
15	Қазақтың халық әні «Еркем-ай»	4
16	Орыс халық әні «В саду ли, в огороде»	4
17	А.Ержанов «Этюд»	4
18	Ә.Әзірбаев «Этюд»	4
19	Шертпе, төкпе күйлерімен таныстыру	3
20	И.Нүсіпбаев «Біз өмірдің гүліміз»	5
21	Қазақтың халық күйі «Кұрбым ай»	4
22	Қазақтың халық күйі «Әлди-әлди»	4
23	Қазақтың халық күйі «Кеңес»	4
24	Қазақтың халық күйі «Келіншек»	4
	Барлығы-72 сағат	

Бағдарлама мазмұны

- 1. Домбыра туралы түсінік.** Балаларға музыкалық аспаптарының бірі домбыраның шығу тарихын аңызы туралы айту. Әңгіме өткізу. Домбыра аспабын меңгеру. Меңгерудегі игерген тәжірибелерімен техникалық шеберліктерін одан әрі дамыту, шындай түсу.
- 2. Домбыраның құрылысы.** Аспап туралы мәліметтер беру. Құрылысымен таныстыру. Аспаптың материалымен таныстыру. Балаларға домбыраның құндылығын түсіндіру. Домбыраның құрылысын айтқызу.
- 3. Домбыраны қалай ұстау керек. Домбыраның отырысы.** Домбыраның дұрыс ұстауын үйрету. Құрылысымен материалын таныстыру. Балалардың өздігінен жұмыс жасауын қадағалау. Балалардың дұрыс отыруын, домбыраның ұстауын дамыту, үйрету.
- 4. Домбыра қағыстары.** Қағыс түрлерін көрсету. Қос ішектегі тремоло, сол қол саусақтары арқылы бір қағыспен алатын лигалар шертпе қағыстары туралы түсінік беру. Сол қол мен оң қолды ұстау әдістерін үйрету.
- 5. Музыкалық дыбыстар. Олардың қасиеттері, атауы.** Музыкалық дыбыстармен таныстыра отырып, балаларға дауыстап айту, көрсету. Кері алмасу арқылы білімін жетілдіру. Дыбыстардың орналасуын, ретін, атауларын үйрету.
- 6. Екі ішекте ойнау тәртібі.** Қағыс түрлерін меңгерудің түрлерін одан әрі жалғастыру. Сұқ саусақпен бас бармақ немесе керісінше алма кезек. Гамма. Сол қол саусақтарындағы ілме әдісін ұғу. Теріс (квинта) бұрау. Үлкен сағаларды одан әрі меңгеру.
- 7. Екі ішекте гамманы ойнау тәртібі.** Қағыс түрлерін көрсету. Үйренуді жалғастыру. Оң қол мен сол қолды ұстау әдістерін, бір және екі октавалық 3-4 гамма мен арпеджиолармен дамыту.
- 8. Б.Ысқақов 1-ші жаттығу.** Қағыс түрлерін меңгерудің одан әрі жалғастыру. Сұқ саусақпен бас бармақ немесе керісінше алма кезек қағу. Техникалық шеберлігін дамыту.
- 9. Б.Ысқақов 2-ші жаттығу.** Жаттығуды бірінші балаларға көрсету, үйрену жолдарын түсіндіру. Сұқ саусақпен бас бармақ немесе керісінше алма кезек қағу. Үйрену жолдарын дамыту.
- 10. Жаттығулар.** Техникалық шеберлігін дамытуға арналған жаттығуларды көрсету, түсіндіру. Кездесетін көркемдік ерекшеліктерді дұрыс орындауға көмек беретін жаттығуларды түсіндіру. Аспаппен ойнатып дамыту.
- 11. С.Бүркітов 1-ші жаттығу.** Балаларға түсіндіру арқылы білімін жетілдіру. Домбыра аспабын меңгерудегі игерген техникалық шеберліктерін дамыту. Кездесетін штрихтарды дұрыс орындай білу.
- 12. С.Бүркітов 2-ші жаттығу.** Үйренуді жалғастыру. Техникалық шеберлігін дамытуға арналған жаттығуларды көрсету, түсіндіру. Кездесетін көркемдік ерекшеліктерін дұрыс орындауға техникалық шеберлігін дамыту.
- 13. Қазақтың халық әні «Бала уату».** Балаларға шығарманың тарихын түсіндіру. Әнмен таныстыру. Сұқ саусақ және бас бармақпен орындау. Өз бетінше жұмыс жасай білуге дағдылану, орындау шеберлігін одан әрі қарай дамыту.
- 14. Х. Тастанов «Этюд».** Балаларға шығармамен таныстыру, түсіндіру. Орындау шеберлігін одан әрі қарай дамыту арқылы өздігінен жұмыс жасауын

қадағалау. Көлемі шағын болғанымен орындалу кезінде қиындықтармен жұмыс жасау.

15. Қазақтың халық әні «Еркем-ай». Халық әнін таныстыру, түсіндіру. Орындалуын көрсету. Балаларға түсіндіру арқылы жеткізе білу. Тәрбиеленуші ойнау шеберлігін одан әрі қарай жетілдіру, білімін тереңдете түсу. Өз бетінше жұмыс жасай білуге дамыту және дағдыландыру.

16. Орыс халық әні «В саду ли, в огороде». Шығарманы таныстыру. Орындалу ретін көрсету. Күрделі формадағы көлемі шағын шығарма арқылы орындалудағы кездесетін көркемдік ерекшеліктерді штрихтарды өз бетінше жұмыс жасау. Өз бетінше дағдыландыру арқылы дамыту, білуге үйрету.

17. А.Ержанов «Этюд». Балаларға орындалуын дұрыстап түсіндіру. Шығармамен таныстыру. Этюд орындалу кезеңінде техникалық шеберлігін шыңдау. Домбыра аспабын меңгерудегі тәжірибесін тереңдету және дамытуға белсенділігін арттыру.

18. Ә.Әзірбаев «Этюд». Шығарманы таныстыра отырып, балаларға орындалу ретін көрсету. Түсіндіре білу. Этюд орындалу кезеңінде техникалық шеберлігін көрсету. Үйрету арқылы олардың білімдерін дамыту.

19. Шертпе, төкпе күйлерімен таныстыру. Шекпе, төкпе күй деген не екенін таныстыру, көрсету. Қалай ойналатынын көрсету. Өздігінен көрсетіп түсіндіре білуге үйрету. Домбыра ойнау шеберлігін одан әрі жетілдіру, білімін тереңдету. Сонымен қатар қағыс түрлерін меңгеруді жалғастырып, дамыту.

20. И.Нүсінбаев «Біз өмірдің гүліміз». Шығармамен таныстыру. Жетекші өзі көрсете отырып, балалардың дұрыс қабылдауын түсінуін қамтамасыз ету. Сол саусақтардағы әлме әдісін меңгеру. Қағыс түрлерін меңгеруді жалғастыру. Кездесетін қиын штрихтарды дұрыс орындау арқылы дамыту.

21. Қазақтың халық күйі «Құрбым ай». Күйдің шығу тарихын түсіндіру, айту. Балаларға жеткізе білу. Күйдің орындалу ретін көрсету. Күй орындалу кезеңінде техникалық шеберлігін шыңдау. Орындалудағы кездесетін көркемдік ерекшеліктерді, штрихтарды өз бетінше жұмыс жасай білуге үйрету. Балалардың дамуын қамтамасыз ету.

22. Қазақтың халық күйі «Әлди-әлди». Шығарманы таныстыру. Оның орындалуын көрсете отырып таныстыру. Балалардың өздігінен дамуын қамтамасыз ету. Орындалудағы кездесетін көркемдік ерекшеліктерді, штрихтарды өз бетінше жұмыс жасай білуге дағдыландыру.

23. Қазақтың халық күйі «Кеңес». Күйдің тарихын түсіндіру. Балаларға түсіндіру арқылы жеткізе білу. Күй орындау шеберлігін одан әрі қарай дамыту, білімін тереңдету. Кері алмасу арқылы білімдерін дамыту.

24. Қазақтың халық күйі «Келіншек». Күйдің шығу тарихын түсіндіру. Күй орындауда кездесетін көркемдік ерекшеліктерді, штрихтарды өз бетінше жұмыс жасай білуге дағдыландыру. Балалардың дамуын өздігінен жұмыс жасауын қадағалалау.

Пайдаланылған әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. «Домбыра үйрену мектебі» Л.Хамиди, Б.Ғизатов, Алматы «Өнер» 1983ж
2. «Домбыра үйрену мектебі» А.Жайымов, С.Бүркітбаев, Алматы «Өнер» 1992ж
3. «Домбыраға арналған педагогикалық репертуар» Қ. Меренбаев

Қосымша әдебиеттер:

1. «Балалар әндері» Л.Хамиди, Алматы «Жалын» 1977ж
2. «Ғасырлар пернесі» А.Жұбанов 1975ж
3. «Домбыра үйрену әдістемесі» М.Ержанов Алматы 1998ж
4. «Домбыра үйренейік» Ө. Спанов, Алматы 2000ж
5. «Қазақтың домбыра өнері» М.Әбуғазы, Алматы 2016
6. «Домбыра сазы» А. Мерғалиев Т, Алматы, 1972
7. «Домбыра өнері-халықтық өнер» Ж.Еңсепов
8. «Ғасырлар пернесі» А.Жұбанов 1975ж
9. «Домбыра бас аспабына арналған» Ә.Жұмабаев, Алматы 2021

№39 «Достык» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

менгерушісі:  Г.Т.Амирова